

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова,
С. Әжіғали, Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).
При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

“ШАХНАМА” ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАНДЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Жеңіс Ж.

Т.ғ.к. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Нәлібаева С.М.

ҚазҰУ оқытушысы

Аңдатпа. Мақалада Әбілқасым Фирдоусидің иран әдебиеті мен тарихының көрнекті ескерткіші саналатын «Шахнама» дастаны негізінде түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымы қайта зерделенеді. Автор эпостағы Тұран мен Иранға қатысты сюжеттерді тарихи және мәдени тұрғыдан талдап, олардың ежелгі түркілердің рухани құндылықтарын танып-білудегі маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижелері бойынша тұрандықтардың, яғни түркілердің діни наным-сенімдері ирандықтардың зороастризмге негізделген отқа табыну дәстүрінен елеулі айырмашылықтарға ие болғаны көрсетіледі. Түркілердің дүниетанымында Тәңірі, Ұмай және Жер-Су культтері жетекші орын алып, олардың табиғатпен үйлесімді өмір сүру ұстанымын бейнелеген.

Кілт сөздер: Фирдауси, Шахнама, деректану, түркілер, дүниетаным, тарих, Иран, Тұран.

МИРОВОЗЗРЕНИЕ ТУРАНЦЕВ В ЭПОСЕ «ШАХНАМЕ»

Женис Ж.

Кандидат исторических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Налибаева С.М.

Аннотация. В статье на основе поэмы «Шахнаме» Абулькасима Фирдоуси, являющейся выдающимся памятником иранской литературы и истории, реконструируется традиционное мировоззрение тюркских народов. Автор анализирует сюжеты, связанные с Тураном и Ираном, с исторической и культурной точек зрения, раскрывая их значение для изучения духовных ценностей древних тюрков. Результаты исследования показывают, что религиозные верования туранцев, то есть тюрков, существенно отличались от основанной на зороастризме традиции огнепоклонничества, характерной для иранцев. В мировоззрении тюрков центральное место занимали культы Тенгри, Умай и Земли-Воды (Жер-Су), отражавшие их представления о гармоничном сосуществовании человека и природы.

Ключевые слова: Фирдоуси, «Шахнаме», источниковедение, тюрки, мировоззрение, история, Иран, Туран.

THE WORLDVIEW OF THE TURANIANS IN THE EPIC “SHAHNAMEH”

Zhenis Zh.

Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University

E-mail: zhzhengis@gmail.com

Nalibayeva S.M.

Abstract. This article reconstructs the traditional worldview of the Turkic peoples based on Shahnameh by Abulqasim Ferdowsi, one of the greatest monuments of Iranian literature and history. The author examines the episodes related to Turan and Iran from historical and cultural perspectives, highlighting their significance for understanding the spiritual values of the ancient Turkic peoples. The findings demonstrate that the religious beliefs of the Turanians, that is, the Turkic peoples, differed significantly from the Iranian tradition of fire worship rooted in Zoroastrianism. In the Turkic worldview, the cults of Tengri, Umay, and Yer-Su (Earth and Water) occupied a central place, reflecting their conception of a harmonious relationship between humans and nature.

Keywords: Ferdowsi, Shahnameh, source studies, Turks, worldview, history, Iran, Turan.

Әбілқасым Фирдоусидің иран әдебиеті мен тарихының керемет үлгісі болып табылатын “Шахнама” (патшалар кітабы) жырының [1] желісінің негізі иран-тұран қатынастарының тарихын суреттеуден тұрғандықтан шығарманың көне түркілердің тарихы мен мәдениетін қалпына келтіруде маңызы көп. В.Бартольд, Л.Гумилев сияқты мәшһүр тарихшылар да өз зерттеулерінде аталмыш жырға сілтеме жасаудан тартынбаған. Кітап, формальды түрде аңыздық және тарихи тұрғыда елу Иран патшаларының билік ету дәуірлері желісінде құрылған, ал іс жүзінде жыр үш әртүрлі бөлімнен тұрады:

- 1) Мифологиялық бөлімде алғашқы он патша бейнелерінің кейіпкерленуі;
- 2) Рүстем ерліктеріне арналған батырлық жырлар;
- 3) Сасанилік патшалардың билік ету дәуірлеріндегі шынайы тарихи оқиғаларды суреттеу [2,10].

Дастанның мифологиялық бөлігі алғашқы патшалар–Каюмарс, Хушанг, Тахмурад пен Жәмшид патшалықтары кезіндегі оқиғаларды суреттеуден басталады. Бұл патшалармен байланысты оқиғалар барлық халықтарда сақталған адамдарға мәдениетті үйретуші алғашқы адам мен патша туралы мифтерге жақын. Мысалы, Каюмарс, адамдарды үңгірден алып шығып, тамақ жасауды үйретті. Хушанг от пен темірді ойлап тауып, адамдарды егіншілік пен мал шаруашылығына үйретті (б.э.д. 1200ж.). Тахмурад жазуды ойлап тапты. Жәмшид аң терісінің орнына матадан киім тігуді үйретті. Дәрігерлерді тәрбиелеп, кеме жасады, адамдарды абыздарға, хатшыларға, егіншілер мен қолөнершілерге бөлді. Жәмшид патшалығы – алтын ғасыр болды. Бірақ, оның Ахриманмен (зороастризм дініндегі ізгілікке қарама-қарсы, шайтан ұғымы) қақтығысынан қиыншылықтар басталды. Иранды Заххак атты жат жерлік басқыншы биледі. Кава бұл билеушіні тақтан тайдырып, орнына Фаридунды патша қояды. Фаридун Захакты темір шынжырмен бұғаулап Дамовенд тауларына тастайды.

Фаридун елді өз ұлдарына бөліп береді. Салмға Рум (Кіші Азия) мен Батысты береді. Тұрға – Шын (Қытай Түркістаны) мен Тұранды, Ираджда – Иран мен араб елдерін береді. Тұр мен Салмның Ираджды өлтіруімен иран-тұран соғыстары басталады. Жыр желісінің едәуір бөлігі де дәл осы соғыстарды жырлау негізінде құралады.

Батырлық жырлардың ортасында Рүстем орналасқан. Рүстем ерліктері Кей ұлдарының үш патшалығы – Кейқұбад, Кей-Кабус, Кей-Хосрау кезінде бейнеленген. Осы патшалар кезінде шиеленіскен иран-тұран соғыстары тек патша Кей-Хосраудың соңғы патшалық ету кездерінде саябырсиды. Ол Афрасиабтың ұлы Джихшаны тұтқыннан босатып, оған Тұранды береді.

Эпостың осы бөлігінен соң интермеццо басталады. Бұл жердегі кейіпкерлер жартылай аңыз, жартылай тарихи тұлғалар. Олардың негізгісі – жырда Ескендір деп берілген Александр Македонскийдің осы аймақтар мен Үндістанға жорығы бейнеленген.

Дастанның тарихи бөлігі Сасан әулеті (220-665) билігіне арналған. Онда Ардашир, Бахрам Гур, Ануширван, Хосрау Парвиз, Бахрам Чубин сияқты тарихи тұлғалар мен олардың кезіндегі оқиғаларға шынайы баға берілген. Жыр соңы сасанилер патшасы Яздигердтің

өлімінен және араб шапқыншылығының әсерінен сасанилер мемлекетінің құлауымен бітеді. [2,12].

«Шахнамедегі» автордың келтірген түркілер мен Тұранға қатысты мәліметтерді түркі тарихын зерттеуде пайдаланудың едәуір қиыншылықтары да бар. Әсіресе, осы мәліметтер арқылы түркі тарихын хронологиялық тұрғыда жүйелеп көрсету өте қиын. Тіпті, жырдағы түркі билеушілерінің есімдері бір ғана жиынтық түрде, тек Афрасияб есімімен берілген. Бұл туралы, тарихшы С. Әбушәріп өзінің осы саладағы зерттеулерінде дұрыс атап көрсеткен. С.Әбушәріптің айтуынша Афрасияб – парсы-тәжік әдебиеттерінде түркілер мемлекетінің билеушісі тұлғасының жинақталған бейнесі [3,78].

Осыған қарамастан, жыр желілерінен түркілердің дүниетанымы мен наным-сенімі, мәдениеті мен шаруашылығы, тілі мен жазуы жайлы деректер табуға болады. Ұсынылып отырған мақалада да «Шахнамедегі» түркілердің дүниетанымы мен наным-сеніміне қатысты деректерді талдау мақсат етіп қойылған.

Жалпы, «Шахнамені» талдау ирандықтар мен тұрандықтардың бастапқыда ортақ дүниетанымға ие болғандығын көрсетеді.

Тұрандықтар да ирандықтарда өздерінің ресми хаттарын жазғанда оны күн мен айдың жаратушысы атынан бастайды:

Бе номе худованде хуршид ва мох (Кайқұбад, 129)

Аудармасы: күн мен айдың жаратушысы атынан

Ирандықтар да тұрандықтардың сияқты күн мен айға жаратушылық сипат береді. Олар өз шахтарын:

Худованде хуршид ва Гардандеие мох-деп атады. (Сиявуш, 219)

Аудармасы: күннің жаратушысы мен айды айналдырушы.

Немесе:

Саре номей буд аз нохост офарин

Ченон чун буд расме ойин ва дин.

Бе номе худованде хуршид ва мох (Сиявуш өлімі, 337)

Аудармасы: Дін мен салттың рәсімі бойынша

хатты бастап жазғанда

күн мен ай атын еске алды.

Дегенмен, алдымен ирандықтардың жаңа -зороастризм дінін қабылдап, кейін тұрандықтардың белгілі бір бөлігінің осы дінді қабылдайтыны жайлы мәліметтер кездеседі. Мысалы, жырда Иранға Гуштасп патшалық еткен кезде ол зороастризм дініне кіреді. Бірақ, Тұран билеушісі Аржасп (шамамен б.з.д. V-VI ғ.ғ), Гуштасптан бұл діннен шығуын талап етеді және осыны сылтау етіп екі ел арасындағы жаңа соғысқа негіз болған жанжал шығарады.

Жырдың кейінгі бөліктерінде тұрандықтар мен ирандықтар екі дүниетаным өкілдері ретінде суреттелетін жерлер аз емес. Бұған басты себеп ирандықтардың зороастризм дініне жаппай кіруімен байланысты болар. Мысалы:

Гарсиуз айтады: До кешвар– иеки оташ, ва дигар об.

(Сиявуш, 253)

Аудармасы: екі ел– бірі от, екіншісі су.

Бұл жерде оның айтайын дегені, олардың табыну нысаны болар. Тұрандықтардың негізгі табыну нысаны ретінде күн мен ай беріледі. Мысалы Тұран батыры Фарзар Афрасиабқа ант бергенде:

Бе джоне саре шохе Туран сепох
Бе Хуршид ва мох ва тахт о кулох. (Қытай қақаны, 420)

Аудармасы: Тұран әскері шахының жанына,
Күн мен ай, тақ пен тәж атымен ант береді.

Жырдың тағы бір жерінде Афрасиаб Құман батырға:
Аз ин ру то Чин ва Мачин торост.
Хур ва мох ва кейван ва Парвин торост.
Аудармасы: Осы жерден Қытай мен Машынға дейінгі жер сенікі,
Күн мен ай және Есекқырған мен Үркер сенікі-дейді.

Күн мен айды қасиетті санау біршама түркі халықтарында, солардың ішінде қазақ халқында да әлі күнге дейін сақталған дәстүр. Зерттеушілердің пікірінше оңтүстік Сібірді мекендейтін шор, алтай, хакас халықтарында осы дәстүрдің сарқыншақтары молынан кездеседі. Адамдар әлемі – бұл күн мен ай жарық қылатын әлем. Төменгі әлем жарық емес, не нашар жарықталған. Жер әлемінде күн мен ай уақыт өлшемі. Түркілер босанатын әйел туралы айтқанда ай-күні жеткен дейді. Ай туғанда сәлем беріп, «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» дейді. Хакастар жаңа айдың туылуымен маңызды рәсімдерді (баланы қырқынан шығару, бесікке салу, үйлену тойы, құрбандық шалу, наурыз тойы) атқарды. Түркі символикасында Ай ер бастау, күн әйел бастауымен байланысты [4,35].

Жырда сондай-ақ, көне түркілердің негізгі сенім нысаны болған Тәңірі-Аспан ұғымы жайлы да мәліметтер кездеседі. Жырдың «Ескендір патшалығы» тарауында:

Аз ин пас биояд иеки номдар.
Зе даште савороне нейзегорон.
Иеки марде покизе ва никхуй
Беду дине Яздон шавад чорсуй.
Иеки пире дехқоне аташпараст
Ке пор воже берасм бегирад бедаст.
Дегар дине Муса ке хони жахуд
Ке гуяд джоз он ро нашояд сетуд.
Дегар дине Иунони он парса
Ке дод овард дар деле падша.

Аудармасы: Бұл жақтан бір атақты,
аттылар мен найзагерлер даласынан
таза ер кісі келді.
Төрт тарапты Яздон дініндегі,
келесісі отқа табынушы дихан – қария,
келесісі жөйт деп аталатын дінін
мақтай беретін Мұса жолын қуушылар,
келесісі патша жүрегінен
орын алған гректер діні (Ескедір патшалығы, 804 б.)

Бұл жердегі «Яздон діні» деп отырғандары түркілердің Тәңірі діні болуы әбден мүмкін. Жырдың тағы бір жерінде түркі қолбасшысы Барман хан кеңесшісі Пиранға былай дейді:

Кезе Асман созар нист. (Қытай қақаны, 399)

Аудармасы: Аспаннан артық ештеңе жоқ.

Немесе, педар Асмон бод ва модар Замин

Аудармасы: Аспан-әке – Ана-жер.

Осымен үндес көне түркі жазбаларының мәтінінен мына үзінділерді де мысалға келтіруге болады: "Аспан менің әкем Ілтеріс қаған мен анам Ілбілге қатынды өз құдыретімен басқарып, оларды көкке көтеріп әкетті. Қағанға басқаруға мемлекет беретін аспан, мені түркі аты мен халқы жоғалмасын деп қаған етті. Аспанның ырқымен түркілер жеңіске жетті"[5,59].

Тәңіріге табынатын моңғол тайпаларының ұғымынша да Аспан адамның барлық іс әрекетін көріп отырады, адам о дүниедегі болатын әділ соттан еш құтыла алмайды. Егер патша, халық, Аспан табиғатына қарама-қарсы бір іс істесе, онда бұған Аспанның жауабы ретінде таңғажайып бір кек қайтарылады.

Жырда түркілердің арасында жұлдызшылар мен бақсылардың маңызды орынға ие болғандықтары жайлы деректер мол. Солардың бірінде:

Зе Туркон иеки буд Бозур ном

Бофсун бехар джой гостарде кам

Биомухте кажи ва джови (Камус Кашани, 359)

Аудармасы: Түркілерде Бозур атты біреу болды

Оның сиқыры барлық жерге жүреді.

Сиқыр мен жадылықты меңгерген.

Осы бақсыны Пиран ирандықтарға жұмсайды:

Ке аз ой дар бороу то саре тиге кух

Барф ва сармо ва бод дамон.

Баройшон биобар хам ондар замон. (Камус Кашани, 359)

Аудармасы: Осы жерден тау басына бар,

сол мезет оларға қар,

суық, жел жібер.

Бұдан соң түріктер ирандықтарға шабуыл жасайды. Жеңіліп бара жатқан ирандықтар аспанға қарап:

Сепак дор ва Гардан кешон он замон

Герейфанд зори суй осмон.

Ке ей! Бар тар аз дош ва хуш ва рой

На дар джой, ва дар джой, ва на зире джой

Хаме бандейэ порнегохе туйм.

Бе би чореше дод хохе туйн.

Зе афсун ва аз джодуй бартари

Джахондор ва бар девороне девори.

То товантар аз оташ ва аз мехрин. (Камус Кашани, 359)

Аудармасы: Қолбасшы мен сарбаздар

сол кезде аспанға қарап зар иледі

Ей! Барлығынан биік жаратушы!

Бір жерде емессің, жер асты, үстінде де емессің
 Барлығына сенің қырағы көзіңің құлымыз,
 сенің жолыңда бейшарамыз
 Барлық сиқыршы мен бақсыдан күштісің,
 әлемнің билеушісісің, құдайлардың құдайысың,
 оттан да күштісің.

Отқа табынушы ирандықтардың аспанға назар аударуы, бұл қиналған кезде, түркілердің Тәңірі-Аспанына назар аударуы еді. Тіпті, олар Тәңірі-Аспанды мадақтағанда, оны оттан да жоғары қояды да олар Тәңіріден:

Аз ин барф ва сармо фариодарс,

Надорим фариодарс джозе Ту кас-дейді (Камус, 359)

Аудармасы: мына қар мен суыққа қарсы Сенен басқа
 ешкімнің көмегіне сүйене алмай отырмыз- дейді.

Бақсы көмегімен жауға қарсы қар, суық жіберу түркілер үшін үйреншікті нәрсе болды. Жырдың тағы бір жерінде:

Ва аз ин ру бар омад иеки тонд бод

Ке каси ро аз Ирон набод разм иод.

Иеки абре тонд андар омад чу гард

Зе сармо хами лаб бедандон фесард.

Саро парде ва хамахо гашт иах

Кешид аз бар кух бар барфе йах. (Сиявуш өлімі, 331)

Аудармасы:

Бұл тараптан бір ала құйын шықты,

Оның артын ала дөңгеленген бұлт шықты.

Суықтан еріндер тіске жабысты,

Шатырлар мұзға оранды.

Тау басынан қар жауды.

Көне түркілердің дәстүрлі дүниетанымында ауа райына әсер етуге болады деген түсінік қалыптасқан. Мұны ядачы – шаман істей алады. Бұл турасында ортағасырлық Қытай дереккөзі “Таншю” хроникасында да деректер келтірілген. Онда жетпіс ағайындының ішінде Нишанду ғажайып қасиетке ие болды. Жел мен жаңбыр келтіре алды. Оның екі әйелінің бірі – жаз пірінің екіншісі қыс пірінің қыздары болды. Бірінші әйелінен туған үлкен ұлы таулы жерлерде жылылық алып келіп соның әсерінен Тюку мемлекетінің басшысы болып сайланды. Көне түркі мелекетінің іргесін қалаған көне түркі тайпасының бастауы сиқыршымен байланыстыруда үлкен мән бар.

Жырда тұрандықтардың дәстүрінде түс жорушылар мен жұлдызшылар да маңызды орын алатыны шебер бейнеленген. Мысалы, Афрасиаб түс көргенде оны жорытуға адам іздестіреді. Сонда Гарсиуз былай дейді:

Гозарандейе хоб бояд каси ке

Аз донеш андазе‘е дорад баси.

Бехоним бидор дел мубадон

Аз охтар шеносон ва аз бехардон. (Сиявуш, 220)

Аудармасы: Түс жоритын адам білімі жеткілікті болу керек,
 ойы сергек бақсылар,
 жұлдызшылар мен ақылгөйлерді шақырайық.

Осы тұрғыда Ж.Баласағұнның "Құтты білігіндегі" мына шумақтарға назар аударсақ :
 Тағы бірі – түс ілімі деседі,
 Жорушы тек жақсыға жол кеседі.

Кісі ұйқтаса, түрлі түстер көреді,
 Жори білсе айтқаны анық келеді....

Не жорысаң сол болады сенгейсің,
 Түм көруші, түсті нәзік көргейсің.

Жақсы жорып, жақсылыққа балайтын,
 Ақылдылар бар, жақсылық қалайтын.

Жақсы көріп, бұларды ізгі санасаң,
 Қаласаң-дос, туысқан қыл қаласаң [6].

Жырдағы деректерді талдау барысында тұрандықтардың жерлеу дәстүрінде табытты да қолданғаны белгілі болып отыр. Тұран қызы Фарангис Сиявушқа:

На табут иобам на гул ва кафн. (Сиявуш, 261)

Аудармасы: Табыт та, көр де, кебін де таба алмаймын-дейді.

Бұл деректі бекіте түсетін келесі бір мәліметке сүйенсек, еліміз территориясында 1939 жылы Г.Н.Пацевичтің археологиялық қазба жұмыстары кезінде исламға дейінгі дәуірге жататын, қақпағы киіз үй тәрізді етіп жасалған табыттар табылған [7,226].

Көріп отырғанымыздай, «Шахнамедегі» келтірген мәліметтерді түркі тарихын зерттеуде пайдаланудың едәуір қиыншылықтарының бар болуына қарамастан және осы мәліметтер арқылы түркі тарихын хронологиялық тұрғыда жүйелеп көрсету қиындық тудырғанмен, түркілердің мәдениеті мен дүниетанымына қатысты құнды кездестіруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Фирдауси. «Шахнаме». -Техран (Иран). Қатре баспасы. 1999 жыл 1367 бет
2. Брагинский. И. Океан "Шахнаме" и некоторые его тайны //Шахнаме. Орыс тілінде. Аударғандар В.Державин, С.Липкин. Техран, Марказе аснад ва тарихе дипломаси.1379х.ж.
3. Әбушәріп С. Түркістан тарихы (б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысы). -Алматы: Білім,2001ж. -148б
4. Традиционное мировоззрение народов Южной Сибири-35б.
5. Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. -Новосибирск: Наука, сибирское отделение, 1980.-364с.
6. Ғ.Айдаров. Орхон ескерткіштерінің тексі. –Алматы: Ғылым, 1990ж. –59б.
7. Егеубаев А. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді. // Ж.Баласағұн. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. Алматы, Жазушы, 1986. 616 бет.
8. Қ.Байбосынов. өлкеміздегі көне наным-сенімдер мен діни ағымдар //Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. I том. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының 4 Халықаралық оқулары материалдары. 29-31 мамыр, 2001ж. -Тараз қ. –226б.

МАЗМҰНЫ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. XIX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНА ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ	6
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСЫ	14
Жеңіс Ж., Нәлібаева С.М. “ШАХНАМА” ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАНДЫҚТАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ АГРАРЛЫҚ-ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ	35
Кожанов К.Б. РЕСЕЙ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ ГЕОСАЯСАТЫНДАҒЫ АУҒАНСТАН (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	39
Күлсариева С.П. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖИЫНТЫҚТАҒЫ ЕРТЕ ПАЛЕОЛИТ АРТЕФАКТТАРЫ	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Түлебаев Т.А. «ОЙРАТ» ЭТНОНИМИНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН	64
Орынбаева Г.Ү. АРИДТЫ АЙМАҚТАРДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР (19-ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЖ. – 20-ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	74
Оспанов Н. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН	96
Жанымхан О. ҚЫТАЙДЫҢ XIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯХАТНАМАЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЭТНОТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ҚАЛАЛАР	104
Рустем К., Сарыбаев М. ГЛАВЛИТ НҰСҚАУЛАРЫ – КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЦЕНЗУРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ	120

Сарыбаев М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРОПА ЕЛДЕРІМЕН ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ	126
Төленова З.М. Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА	133
Хинков-Айтбаева Н.Б. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕГІ КҮРДТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛУЫ (ҰОС 70 ЖЫЛДЫҒЫНА)	141
Шалекенов М.У. XIX-XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	150

СОДЕРЖАНИЕ

Атантаева Б.Ж., Бекбаева А.Е. ЗАСЕЛЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП НА ТЕРРИТОРИЮ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В I ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА	6
Атыгаев Н.Ә. К ВОПРОСУ О ТРАКТОВКЕ ПРЕДЫСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	14
Жеңіс Ж., Налибаева С.М. МИРОВОЗЗРЕНИЕ ТУРАНЦЕВ В ЭПОСЕ «ШАХНАМЕ»	28
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. АГРАРНО-КОЛОНИАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА	35
Кожанов К.Б. АФГАНИСТАН В ГЕОПОЛИТИКЕ РОССИИ И БРИТАНИИ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)	39
Күлсариева С.П. АРТЕФАКТЫ РАННЕГО ПАЛЕОЛИТА В АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	50
Курманкулов Ж., Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПАМЯТНИКИ НИЖНЕЙ СЫРДАРЬИ	56
Құрманалина Н.Н., Тулебаев Т.А. ИСТОРИОГРАФИЯ ЭТНОНИМА «ОЙРАТ»	64
Орынбаева Г.Ү. ОСОБЕННОСТИ КОЧЕВОГО И ПОЛУКОЧЕВОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХОВ АРИДНЫХ ЗОН (80-Е ГГ. XIX– НАЧАЛО XX В.)	74
Оспанов Н. ИЗ ИСТОРИИ СТАНОВЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ	96
Жанымхан О. ГОРОДА КАЗАХСКОЙ ЭТНОТЕРРИТОРИИ В КИТАЙСКИХ ПУТЕВЫХ ЗАПИСКАХ И ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ТРУДАХ XIII ВЕКА	104
Рустем К., Сарыбаев М. ИНСТРУКЦИИ ГЛАВЛИТ – КАК ИСТОЧНИК КОНТРОЛЯ НАД ЦЕНЗУРОЙ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ	120

Сарыбаев М.С.

СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЕВРОПЫ
В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ126

Төленова З.М.

Д.А. КОНАЕВ И РАЗВИТИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА133

Хинков-Айтбаева Н.Б.

ДЕПОРТАЦИЯ КУРДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗССР ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ (К 70-летию ВОВ)141

Шалекенов М.У.

ЖИВОТНОВОДСТВО КАРАКАЛПАКИИ В XIX - НАЧАЛЕ XX вв150

CONTENTS

Atantayeva B.Zh., Bekbayeva A.E. SETTLEMENT OF ETHNIC GROUPS IN THE TERRITORY OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE 19th CENTURY	6
Atygayev N.A. ON THE INTERPRETATION OF THE PREHISTORY OF THE FORMATION OF THE KAZAKH KHANATE	14
Zhenis Zh., Nalibayeva S.M. THE WORLDVIEW OF THE TURANIANS IN THE EPIC “SHAHNAMEH”	28
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T. THE AGRARIAN-COLONIAL POLICY OF TSARIST RUSSIA IN THE SEMIRECHYE REGION IN THE 19TH AND EARLY 20TH CENTURIES	35
Kozhanov K.B. AFGHANISTAN IN THE GEOPOLITICS OF RUSSIA AND BRITAIN (END OF THE XIX AND EARLY XX CENTURY).....	39
Kulsariyeva S.P. ARTIFACTS OF EARLY PALEOLITHIC COLLECTION OF CENTRAL STEPPE MUSEUM OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	50
Kurmankulov Zh., Utubayev Zh.R. ANCIENT MONUMENTS OF THE LOWER SYRDARYA	56
Kurmanalina N.N., Tulebaev T.A. HISTORIOGRAPHY OF THE ‘OYRAT’ ETHNONYM	64
Orynbayeva G.U. FEATURES OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC ECONOMY OF THE KAZAKHS OF ARID ZONES (THE 80th OF XIX – EARLY OF THE XX CENTURY)	74
Ospanov N. FROM THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS	96
Zhanymkhan O. CITIES OF THE KAZAKH ETHNO-TERRITORY IN CHINESE TRAVEL ACCOUNTS AND HISTORICAL-GEOGRAPHICAL WORKS OF THE THIRTEENTH CENTURY	104
Rustem K., Sarybayev M. GLAVLIT GUIDELINES - AS A BASIC SOURCE FOR THE CONTROL OF CENSORSHIP IN THE SOVIET SOCIETY	120

Sarybayev M.S. KAZAKHSTAN'S COOPERATION WITH EUROPEAN COUNTRIES IN ENERGY SPHERE	126
Tolenova Z.M. D.A. KUNAYEV AND THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN KAZAKHSTAN	133
Khinkov-Aitbayeva N.B. THE DEPORTATION OF KURDS TO THE TERRITORY OF Kaz.SSR DURING THE SECOND WORLD WAR	141
Shalekenov M.U. CATTLE-BREEDING IN KARAKALPAKSTAN IN THE XIX – EARLY XX CENTURIES	150

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-ү